

Аға оқытушы Е.О. Жуашев,
Ж. С. Тоқатаев, С. Абиров

Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті, Алматы қ.,
Қазақстан

Тоғызқұмалақтың даму тарихы

Тоғызқұмалақ қазақтың аса қызық ұлттық спорт ойындарының бірі. Ол халық арасында өте ежелден тараған. Ойын ойды ұштайды, есте сақтау қабілетін, математикалық ойлауды дамытады. Ойынның көптеген тәсілдері бар. Ол ойынышадан аса төзімділікті, қорғану тактикасын шабуыл әрекеттерімен шебер ұштастырып отыруды талап етеді. Жоғарыда жазылғандай тоғызқұмалақтың жолдары көп.

Тоғызқұмалақ ойыны әсіресе соғыстан кейінгі жылдары кеңінен тарай бастады. 1984 жылы Алматыда Қазақ ССР-інің чемпионаты өткізілді. Оған Абайдың немересі Ысқақов (Семей), Аңдамас Шөкеев (Қарағанды), Оспан Қаржауов (Жетісу), Шарман Өтегенов (Жамбыл облысы), т. б. қатысты.

Тұңғыш чемпион Өтегенов болды. Жарыстан соң кеңес өткізіліп, оған ұлы жазушы Мұхтар Әуезов, СССР халық әртісі Қалибек Қуанышбаев, техника ғылымының кандидаты Шәймерден Ыбыраев, т.б. қатынасты. Кеңестің мақсаты тоғызқұмалақ ойынының ережелерін жасау болды. Ереже 1949 жылы алғаш рет жарық көрді.

1948 жылдан 1960 жылға дейін Қазақстанда территориялық біріншіліктер өткізіліп, оларда алты рет қатарынан Жамбыл облысынан Рақымбай Ақмамбетов жеңіске жетті.

1960 жылы Қазақ ССР-інің 40 жылдығы құрметіне республикалық командалық біріншілігі ұйымдастырылды. Әр командаға үш адам кірді. Алматы қаласы командасының құрамында Қазақ политехникалық институтының оқытушысы, техника ғылымының кандидаты Шаймерден Ыбыраев, журналист Талап Сұлтанбеков, опера театрының әртісі Рақымбай Кәрімбаев өнер көрсетіп командалық есепте бірінші орын алды, жекелей есепте шәймерден Ыбыраев республика чемпионы атанды.

Сол 1960 жылдан бастап тоғызқұмалақтан аудандық және облыстық жарыстар өткізіліп тұрды. Республика біріншілігі «Қайрат» селолық қоғамы тарапынан өткізіледі, бұл жарыстарға Қырғызстаннан, Алтай өлкесінен де ойыншылар қатынасты.

Қазақтың төл зияткерлік ойыны -тоғызқұмалақ соңғы жылдары жоғары қарқынмен дамып келеді. Халықаралық тоғызқұмалақ қауымдастығы, Туризм және спорт министірлігі, облыс әкімдіктерінің қолдауы арқасында бұл ойынмен шұғылданушылардың саны 100 мың адамға

жақындады. Тоғызқұмалаққа халықаралық деңгейде де қызығушылық өсіп келеді. Қазір тоғызқұмалақпен тек шетелдердегі қазақтар ғана емес, Англия, Франция, Германия, Испания, Чехия, Ресей, Португалия, Қытай мемлекеттерінде де жергілікті халықтардың арасында ойнаушылардың саны артуда.

Тоғызқұмалақ үш рет: 2006 жылы - Лондонда, 2008 және 2009 жылдары Чехияда дүниежүзілік зияткерлік олимпиаданың бағдарламасына енді. 2007 жылы Македонияның Охрид қаласында өткен түркі тілдес халықтардың жастар құрылтайында 40 елден келген 240 делегатқа ұлттық ойыннан семинар өткізілді. Шетелдердегі тоғызқұмалақ насихатшылары үшін Англияда (2009ж.), Колумбияда (2009ж.), Қытайда (2008ж.), Түркияда (2007, 2008, 2009ж.), Өзбекстанда (2009, 2010 ж.ж.), Ресейде (2007-2008, 2010 ж.ж.), Францияда (2010ж.), Швейцарияда (2009ж.) бірнеше таныстыру шаралары ұйымдастырылды.

Ойын жақтаушылары 2008 жылдың 1-8 маусымы күндері Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесі үшін халықаралық жарыс барысында, шетелдерден келген делегаттармен бірлесе отырып, Халықаралық тоғызқұмалақ қауымдастығын құрды. Оған 7 ел мүше болды. Атап айтқанда: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Монғолия, Қытай, Түркия және Ресей. Қауымдастықтың штаб-пәтері Астана қаласында орналасқан. Оның 4 вице-президенті, 20 атқару алқасының мүшесі болатыны келісілді.

2009 жылдың наурыз айынан бастап, ақпараттық кеңістікте тоғызқұмалақты насихаттау үшін жаңа WWW.9kumalak.kz сайты халықтың назарына ұсынылды. Ойын ережелері мен тарихы, күнтізбелік жоспар, ойыншылардың рейтингі мен басқа да мәліметтер жөнінде осы сайттан танысуға болады.

2009 жылдың 19-26 қазаны аралығында Шымкентте тоғызқұмалақтан Азияның тұңғыш ашық чепионаты болып өтті. Чемпионатқа 9 елден барлығы 31 ойыншы қатысты. Ерлер арасында алғашқы Азия чепионы Айдос Сейітжан (Астана, Қазақстан) және қыздар арасында Диана Кенина (Павлодар, Қазақстан) болды. Азия чемпионаты 2 жылда бір рет өтетін болып келісілді.

2010 жылдағы 1-7 қараша аралығында Астана қаласында тоғызқұмалақтан I әлем чемпионаты өтті. Чемпионатқа 4 құрлықтың 16 елінен, атап айтқанда, АҚШ, Антигура - Барбадуа, Әзербайжан, Германия, Грузия, Испания, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Монғолия, Өзбекстан, Ресей (Алтай, Башқұртыстан, Татарстан, Тыва), Түркия, Түркіменістан, Чехия, Швейцариядан, барлығы 43 ойыншы қатысты. Тұңғыш әлем чемпионы ерлер арасында Ғалымжан Темірбаев (Кентау Қазақстан) және қыздар арасында Әсел Далиева (Қызылорда, Қазақстан) болды.

Әлем чемпионаты барысында Халықаралық тоғызқұмалық қауымдастығының құрамы тағы 9 елмен толықты. Олар: Әзербайжан, АҚШ, Антигура және Барбадуа, Германия, Грузия, Түркіменістан, Чехия, Швейцария және Испания.

2010 жылдың қараша айында тоғызқұмалақтың Қазақстандағы тұңғыш компьютерлік бағдарламасы жасалды. Авторлары – Керекулік С. Ақтаев, Д. Кенина, Е. Шамбаев.

Бүгінгі күні Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей (Таулы Алтай Республикасы) және Монғолияда қауымдастықтар, Испания, Чехия, Португалия, Түркия сияқты мемлекеттерде үйірмелер жұмыс стейді. Еуропада алғаш ашылған Тоғызқұмалақ қауымдастығы Чехияның Прага қаласында тіркелді. Төрайымы-Хана Котинова.

Биылғы жылдың 17-20 маусымы аралығында Ресейдің Горно-Алтайск қаласында тоғызқұмалақтан V-ші Халықаралық «Алтын Алтай» жарысы болып өтті. Тоғызқұмалақтың кеңінен насихатталуы әрі шет елдік спортшылармен тоғызқұмалақ және басқа да зияткерлік ойын түрлерінен тәжірибе алмасу мақсатында бұл жарыс Горно-Алтайск қаласында дәстүрлі түрде бесінші рет ұйымдастырылды. Қазақстандық спортшылар сонымен бірге Алтай халқының шатра ойынына да қатысып, өз бақтарын сынады. Қазіргі уақытта Алтай Республикасы Шатра қауымдастығы мен Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ қауымдастығы арасында тығыз байланыс орнатылған. Бұл байланыс тек жарыс пен семинарлар өткізуге қатысты практикалық қана емес, зияткерлік ойындарды зерттеу арқылы ғылыми-теориялық жағынан да дамытылып отыр.

18-23 шілде күндері Чехияның Пардубице қаласында тоғызқұмалақтан жарыс пен ойынды дамыту мен үйрету жайлы семинар өткізіліп, онда 2012 жылы осы қалада өтетін әлем чепионаты жайлы мәселелер талқыланды. Ұйымдастыру алқасы бұл чемпионаттың да жоғары денгейде өтетініне сенім білдірді. Сонымен, 2012 жылы тоғызқұмалақтан II әлем чемпионаты Чехияның Пардубице қаласында 14-20 шілде аралығында өткізілетін болды.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.М. Болғамбаев. Қазақтың ұлттық спорт түрлері Алматы: Қайнар, 1983
- 2.Егемен Қазақстан. Жалпы ұлттық республикалық газет №405-408, 2011 жыл